



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

4. *Зажигалкин, А. В.* Международно-правовое регулирование электронной коммерции: автореф. дисс... канд. юрид. наук. СПб., 2005.
5. *Иванов, А. В.* Интеллектуальная собственность в Интернете: дисс... канд. юрид. наук. М., 2006.
6. *Леанович, Е. Б.* Проблемы правового регулирования интернет-отношений с иностранным элементом // [http://evolutio.info/index.php?option=com\\_content&task=view&id=385Itemid=51](http://evolutio.info/index.php?option=com_content&task=view&id=385Itemid=51)
7. *Мальцев, А. С.* Коллизионно-правовое регулирование трансграничных правоотношений, возникающих в процессе электронного взаимодействия: дисс... канд. юрид. наук. М., 2007.
8. *Наумов, В. Б.* Право и Интернет: Очерки теории и практики. М., 2002.

УДК 341.9

## МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

**Шамиль Айғаным**

[shamilaigana@mail.ru](mailto:shamilaigana@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мұрагерлік құқықтық қатынастар туралы мәселелер қарастырылған. Рим құқығындағы мұрагерлік қатынастың пайда болуы, дамуы және түрлері жайлы сөз қозғалған. Сонымен қатар осы қатынастардың реттелу тәртібі анықталып көрсетілді.

**Аннотация.** Статья рассматривает наследственные правовые отношения в международном частном праве. Так же, возникновение, виды и развитие наследственно-правовых отношения в Римском праве.

**Түйін сөз.** Мұрагерлік құқықтық қатынастар, мұра қалдырушы, мұрагер, өсиет, мұра, интердикт.

Заң ғылымында құқықтық қатынас күрделі жүйе ретінде қарастырылады, ол жеке-жеке үш элементтерден тұрады. Олар: субъект, объект (пән) және мазмұн (субъективтік құқық пен міндет). Мұрагерлік құқықтық қатынастың субъектісі мұрагерлік құқықтық қатынасқа қатысушы тұлғалар, яғни мұра қалдырушы мен мұрагер болып табылады. Мұрагерлік құқықтық қатынастың объектісі мұрагерлік құқықтың негізіне сәйкес, мұра қалдырушының мүліктік жиынтықтарының (соның ішінде мүліктік құқығы мен міндеті) бірыңғай тұтас нәрсе ретінде мұрагерлеріне ауысуы болып табылады. Өсиеттік бас тартылушылар (легаттар) дербес субъект бола алмайды. Нотариус қатысты субъект болып табылады. Мұрагерлік құқықтық қатынас құрамының үшінші элементі мазмұн болып табылады. Мұрагерлік құқықтық қатынастың мазмұны ҚР-ның АҚ-де белгіленген мұрагерлік құқыққа қатысушы тараптардың құқығы мен міндетінің жиынтығы. Мұрагерлік құқық субъектілердің одан әрі қарай заңдық қатынастарда тағдырын анықтау, осы қатынасқа құқығы бар тұлғаларды анықтау үшін тұлғаның қайтыс болуына байланысты пайда болатын құқықтық қатынастардың сипатын сараптауымыз қажет. Революциядан бұрын орыс цивилистері заңдық қатынастарды (қазіргі құқықтық қатынас) субъективтік құқық деп түсінген, яғни өзге тұлғалардың қажеттерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырған, ол екі тұлға арасындағы байланыс сияқты, өзара талаптар мен міндеттерді белгілеген. Қазіргі уақытта құқықтық қатынастарға қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысын айтуға болады. Осыдан мұрагерлік құқықтық қатынасты

түсіндіруге болады. Яғни, қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамдарға (мұрагерлерге) ауысуына байланысты реттейтін қоғамдық қатынастар. Мұрагерлік құқықтық қатынастың субъективтік құрамын сипаттаған кезде, сонымен қатар осы субъектілердің құқықтық қатынастарымен, олардың құқықтық статусы туралы айтатын болсақ, ең алдымен ҚР-ның АҚ-дегі осы субъектілердің нақты нормаларда қалай аталатынына тоқталайық. «Мұрагерлік құқық бойынша ауысатын мүлік иесінің» аталуы әртүрлі. Бір жерде «қайтыс болған азамат» ҚР-ның АҚ-нің 1038 бабында, кейбір жерде «мұра қалдырушы» ҚР-ның АҚ-нің 1040 бабы, 1042 бабы, 1043 бабы, 1044 бабы, 1045 бабы және т.б., кейбір жерде «өсиет қалдырушы» ҚР-ның АҚ-нің 1046 бабы, 1047 бабы, 1048 бабы және т.б. деп көрсетілген. Бір баптың өзінде екі түрлі атаумен де аталатын ержелер кездеседі. Мәселен, ҚР-ның АҚ-нің 1046 бабында «өсиет қалдырушы» және «мұра қалдырушы» деп көрсетілген. Бұл жағдайлар құқық қолдану кезінде бірдей талқылауда кедергі жасауы мүмкін. Әрине бұл сөздер «бір тұлғаға қатысты» екені түсінікті, дегенменде құқық қолдану органдардың, әсіресе соттардың шешімі кезінде, мұндай жағдайларды жібермеу керек. Өйткені азаматтық заңның өзінде бұл келеңсіздікке қатысты арнайы бап қарастырылады. ҚР-ның АҚ-нің 6 бабына сәйкес, «Азаматтық заң қалыптары оларда айтылған сөдердің дәлме-дәл меніне сәйкес түсінілуі тиіс. Заң қалыптарының мәтінінде қолданылған сөздерді әр түрлі түсінуі мүмкін болған жағдайда Қазақстан Республикасы Конституцияның ережелеріне және азаматтық заңдардың осы тарауда, ең алдымен оның 2 бабында баяндалған негізгі қағидаттарына сай келетін түсінікке басымдық беріледі» деген. «Қайтыс болған азамат», «мұра қалдырушы», «өсиет қалдырушы» ұғымдарын бірыңғай түсіндірсек. ҚР-ның АҚ-нің 1046 бабында, «қайтыс болған азаматты», 2 ұғымда көрсетсек, яғни мұра қалдырушы және өсиет қалдырушы. Нақты тоқталып өтсек, ҚР-ның АҚ-нің 1046 бабының 6 тармағында, «мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес» деген [1]. Мұнда «мұра қалдырушы» ұғымы тектік мағынада айтылады. Себебі, қайтыс болған азамат өсиет қалдырғанымен, оны қайта өзгертуге болады деген сөз, қайтыс болған азамат өсиет қалдырмауы да мүмкін дегенді білдіреді.

«Өсиет қалдырушы» ұғымы тек өсиет қалдырған азаматқа қатысты айтылады, мұраға қатысты түрлі ұғымда айтылып тұр. Өсиет қалдырмай, қайтыс болған адамды немесе мұра заңды мұрагерлік негізде жүзеге асатын болса, қайтыс болған азаматты өсиет қалдырушы деп айта алмаймыз. ҚР-ның АҚ-нің 1046 бабының 7 тармағына сәйкес, «мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға, олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір түрде билік еті міндетін жүктеуге болады» деген. Мұнда мағынасына қарай түрлі ұғымға қатысты айтылғандықтан «мұра қалдырушы» ұғымын «өсиет қалдырушы» ұғымына ауыстыру ұсынылады. Себебі, мұнда тек өсиетке қатысты, өсиет бойынша туындайтын құқықтық қатынастар туралы айтылып тұр. Бұл жерде «Мұра қалдырушы» тектік ұғымда, ал «өсиет қалдырушы», «қайтыс болған азамат» және т.б. түрлі ұғымда айтылады. Тектік ұғым жалпы түп негізін кең ауқымды түсіндіретін ұғым. Түрлі ұғым тектік ұғымның белгілі бір бөлігі ретінде түсіндіріледі. Сонымен, мұрагерлік құқықтық қатынастардың субъектілеріне қатысты «Мұра қалдырушы» ұғымы «өсиет қалдырушы», «қайтыс болған азамат» және т.б. ұғымдарына қарағанда тектік мағынада берілген. Бұл бөлімшеде, сонымен қатар мұраның ашылуы, мұраның ашылу орны, лайықсыз мұрагер мәселелері қарастырылады. Осы мәселелерге қатысты келесі мән-жайларды айтуға болады. Біріншіден, мұрагерлік мүліктік құқықтық қатынастардың жиынтығы нақты заңды фактілерге байланысты – мұра қалдырушының өлімі. Екіншіден, мұраның ашылу уақытына анықтама бере отырып, заң шығарушылар коммориенттерге қатысты ережелерде бірнеше мәселелердің шешуін тапқан, мысалы, бір күнде қайтыс болған адамдар бірінен кейін бірі мұрагер бола ала ма жоқ па немесе мұраның ашылу орны бойынша жаңа критерийлер ұсынылған. Үшіншіден, бұрынғы Қазақ КСР-нің АҚ-нің заңдарына қарағанда лайықсыз мұрагер деп танылған тұлғаларға қатысты ережелер нақты, түсінікті және олардың кінәлары анықталынған. Мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттету үшін ниет негіз болып табылады.

Рим құқығында мұрагерлік институты ерекше орынға ие. Мұрагерлік институты римзаңгерлерімен өңделген институт болды. Рим заңгерлері көптеген тәсілдер мен ережелерді өңдеді. Мұрагерлік – қайтыс болған адамның мүлкінің бір немесе бірнеше тұлғаға өтуі. Мұрагерліктің нәтижесінде әмбебап құқық қабылдаушылық болады. Осы кездері мұрагерлік институтының ерекшеліктері да білді. Сингулярлық құқық қабылдаушылық бойынша мұрагерге мұрагердің барлық құқықтары емес, кейбір құқықтары ғана өтеді. Мұрагерлік құқықтың нормалары мүлікке ие болу тәсілдеріне жатады. Рим заңгерлерімен мұрагерлік құқықтың қажетті мұрагерлік, мұрагерлік трансмиссия, өсиеттен бас тарту, ұсыну құқығы сияқты мұрагерлік құқықтың институттары өңделді.

Рим мұрагерлік құқығының дамуының қалыптасу кезеңін төртке бөлуге болады: цивильдік құқық бойынша (*hereditas*), преторлық эдикт бойынша (*bonorum possessio*), императорлық заңдар және Юстиниан заңдары бойынша.

**Цивильдік құқық бойынша мұрагерлік.** Римде, барлық жерлердегі сияқты мұрагерліктің пайда болу мерзімі бойынша мұрагерліктің негізі заң бойынша мұрагерлік болды (*hereditas legitima*). Бұл бойынша мүлік отбасында қалып отырды [2]. Рим мұрагерлік институтының сипаты, оның әр кезеңде де: *nemo pro parte testatus, pro parte intestatus decedere potest* – бір адамның мүлкі бір мезгілде өсиет бойынша мұрагерлік және заң бойынша мұрагерлікпен берілуі мүмкін емес – деген ережемен анықталады. Мұрагерлік құқығының бұл кезеңде дамуы өсиет қалдырудың еркіндік қағидасының айқын болуымен ерекшеленеді. Когнаттық туыстық бұл кезеңде заң бойынша мұрагерлікке құқық бермеді.

**Преторлық құқық бойынша мұрагерлік.** Цивильдік мұрагерлікпен қатар преторлық мұрагерлік бекітілді. Бұл туралы Цицеронның шығармаларында айтылған. Мұрагерлікке қатысты реформалар претормен республика кезеңінде басталып принципат дәуірінде аяқталды. Агнаттық туыстыққа байланысты өмірдің жаңа сұрақтары барлық әлеуметтік-экономикалық құрылымның өзгеруі претормен ескеріліп, қандық бойынша туыстық заң бойынша мұрагерліктің негізі бола отырып, алғаш рет преторлық құқықта танылды және император заңдарында көрініс тапты. Претор мұрагерлік мүлікті иеленуге байланысты ерекше интердикт – *interdictum quorum bonorum* – ді бекітті. Бастапқыда бұл интердикті претор наразылықты қарағаннан кейін цивильдік құқық бойынша кімді мұрагер деп таныса соған берді. Мұндай жағдайда претор цивильдік құқықты дамытуға байланысты қолдану мақсатында әрекет етті. Бірақ, жақын туыс мұрагерлікті қабылдамаса, ол келесі туысқа өтпей иесіз болып қалатын немесе кез келген тұлғаға берілетін, сондықтан осындай жағдайлардан арылу үшін және мұрагерлік мәселесінің күрделілігіне байланысты претор мұрагерлік иеленуді *bonorum possession* берді, яғни мұрагерлік келесі туыстарға берілді. Бұл жағдайларда претор цивильдік құқықты толықтыру үшін әрекет етті. Кейін, *bonorum possession* эмансипацияланған балаларына, яғни әкесінің билігінен шыққан балаларына және мұрагерліктен шеттетілген балаларына берілді. Бұл жағдайда да претор цивильдік құқықты түзету үшін, когнаттық туыстықты заң бойынша мұрагерлікпен байланыстырды. Осылайша мұрагерліктің цивильдік жүйесімен преторлық жүйе қалыптасты. Цивильдік норманың ескірген нормаларының орнына преторлық қағидаларға негізделген норма келді.

**Император заңдары бойынша мұрагерлік.** Мұрагерлікке принципат дәуірінде әсіресе империя дәуірінде көп көңіл бөлінді. Осы кезеңде мұрагерліктің преторлық жүйесінің негізгі бастамалары бекітілді.

Император қаулылары және сенатусконсульттар қандық туыстық тенденциясын дамытты және бұл аналық мұраға балаларының құқықтарын заңдандыруды кеңейтті. Осы кезеңде ана тарапынан туыстарға мүлікті мұраға қалдыру мәселелері қалпына келтірілді.

**Юстиниан құқығы бойынша мұрагерлік.** Мұрагерлік құқығының дамуы Юстиниан новеллаларында аяқталды.

**Өсиет бойынша мұрагерлік.** Рим құқығында өсиет бойынша мұрагерлік заң бойынша мұрагерлікке қарағанда кейінірек пайда болды. Ульпиан өсиетке мынадай анықтама берді: *Testamentum est mentis nostrae iusta contestation in id sollemniter factum, ut post mortem nostrum*

valeat –Өсиет еркімізді құқықтық білдіру, біз қайтыс болғаннан кейін әрекет ету үшін жасалған.Өсиет заңды нәтиже беру үшін мынадай талаптар қойылды: а) бекітілген нысанды; б) белсенді өсиеттік құқыққа қабілетті тұлға жасауы; в) енжар өсиеттік құқыққа қабілетті тұлғаны тұлғаның мұрагері деп бекіту [3].Гайдың айтуы бойынша, ерте құқықта өсиеттің екі нысаны болған. Біріншісі жылына екі рет шақырылатын халық жиналыстарында жасалды. Өсиет қалдырушы ауызша нысанда өзінің еркін халыққа жариялады, мұрагерді тағайындады. Сонымен қатар легат туралы билік ете алатын, әйеліне және балаларына қамқоршы бекіте алатын. Екінші нысан бойынша өсиет жария түрде болды. Соғыс кезінде өсиет қалдырушының еркі жауынгерлер алдында жарияланатын.

Өсиеттің екі нысанында кемшіліктер болды. Олар:

1) өсиеттің екі нысаны да жария түрде болды, бұл көп жағдайда өсиет қалдырушының мүдделеріне сәйкес келмейтін;

2) бірінші өсиет жылына екі рет жарияланатын, ал екіншісі әскер құрамына кірмейтін тұлғалар үшін, соның ішінде кәрі адамдар мен ауру адамдар үшін қолы жетпейтін өсиет [4].

Аталған өсиеттің нысандары қолайлы болған жоқ және өмірдің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады және тәжірибе тиісті қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа тәсілдерін манципацияны қолдану арқылы тапты. Осыған байланысты рим құқығында өсиеттің үшінші нысаны пайда болды және ол «қорғасын мен таразының көмегі арқылы» жүзеге асырылатын мұрагерлік деп танылды. Жоғарыда алғаш айтылған өсиеттің жалпы кемшілігі: *Familiae emptor* өсиет қалдырушының барлық мүлкінің иесі болып танылды, яғни ол *heredis loco* –мұрагер жағдайында болды. Бірақ оның міндеттерді (*nuncupatio*) орындауы тек *fides* –адамгершілікпен ғана санкцияланған жоқ, өсиетте бас тартылған кез-келген тұлға қоюға құқығы бар талаппен де санкцияланды. Бірақ, *familiae emptor* өсиет пен өсиет пайдасына жасалған тұлғаның арасындағы заңды құрал болды. Уақыт өте келе өсиеттің жазбаша нысаны ауызша нысанды ығыстырып шығарды. Доминат кезінде өсиеттің жаңа жария нысаны пайда болды: соттың алдында жарияланған өсиет және императорға сақтауға берілетін өсиет. Өсиет заңды күшке ену үшін, өсиеттің нысанын сақтау жеткіліксіз, сонымен қатар өсиеттік құқық қабілеттілік болуы керек.

*Заң бойынша мұрагерлік.* Заң бойынша мұрагерлік өсиет жарамсыз деп танылған жағдайда немесе өсиет болмаған кезде қолданылады. Мұрагерлік жүйесі ерте цивилиздік құқық бойынша XII кесте заңдарының ережелері бойынша анықталды: «*Si intestate moritur, cui suus heres non essit, agnatus proximus familiam habeto. Si agnatus nec essit, gentiles familiam pabento* –егер кімде-кім өсиетсіз өлсе және «өзінің» мұрагерлері болмаса, онда мұрагерлікті жақын агнат қабылдасын. Егер агнат та болмаса, мұра туыс мүшесіне берілсін». Осы ереже бойынша мұрагерлердің үш кезегі бекітілді. Претор эдиктісімен мұрагерлердің төрт кезегі бекітілді. Мұрагерліктің дамуының соңғы кезегі Юстиниан новелласы бойынша қорытындыланды. Юстиниан заңы мұрагерлікті түпкілікті өзгертті. Новеллада 118 (543 ж.), кейіннен 127 (548 ж.) новелламен мұрагерлік кезегін когнаттық туыстықпен анықтады. Юстинианның новелласына сәйкес мұрагерлердің төрт кезегі болды. Бірінші кезекте: ұлдары, қыздары ерте қайтыс болған балаларынан немерелері. Немелері мен келесі дәрежедегі ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұрагерлікке ие болды. Бұл кезекте жынысына, әкесінің билігіне және туыстық дәрежесіне қарамастан мұрагерлікке ие болды [5]. Екінші кезек бойынша мұрагерлік шақырылды, егер бірінші кезектегі мұрагерлік болмаса. Оған әкесі, шешесі, атасы және әжесі, толық туыстар және олардың балалары шақырылды. Бұл жерді толық туыстар дегеніміз әкесі және ортақ туыстар. Үшінші кезек алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған кезде шақырылды. Бұлар толық емес ағайындылар және ерте қайтыс болған толық емес туыстарының балалары. Толық емес туыстар әкесі немесе шешесіне ортақ туыстар. Ал, олардың балаларын мұраға шақыратын, егер әкешелері қайтыс болған болса, солардың үлесі ретінде. Төртінші кезек жанама туыстар арасында шақырылатын. Новеллада артында қалған жұбайының мұрагерлігі туралы ештеңе айтылмаған [6]. Юстиниан жүйесі бойынша енгізілген өзгеріс бойынша артында қалған жұбайы мұрагер болады, бірақ соңғы кезек бойынша Юстиниан мынадай ережені бекітті:

табысы жоқ жесір (uxor indotata) кез-келген мұрагермен қатар 100 фунт алтыннан аспайтын мөлшерде мұрагер бола алатын. Өзбалаларымен мұрагер бола отырып, ол узуфрукт алу құқығына да ие болды. Егер барлық кезек бойынша мұрагерлер болмаса ол мемлекеттік қазынаға немесе монастырьға не шіркеуге өтетін. Бастапқыда өсиет қалдырушы өзінің мүлкіне билік етуге қатысты шексіз еркіндікке ие болды, бірақ біртіндеп өсиет қалдырушыға шектеулер беріле бастады. Бұл шектеулер бойынша өсиет қалдырушы өзінің туыстарына қатысты қамқорлық жүргізуі тиіс болатын. Осыған байланысты қажетті мұрагерлік институты пайда болды. Классикалық кезеңде жақын туыстары мұрадағы міндетті үлеске ие болды. Мұрадағы міндет үлесі заң бойынша мұрагерлік бойынша қалдырылатын үлес бойынша анықталды. Бұл үлес (portia debita) легат жолымен де орнай алатын. Юстинианның 118 новелласында міндетті үлес мөлшерін көбейтті. Үлкен патриархальдық отбасының ыдырауына байланысты агнаттық туыстық өз маңызын жойды және мұрагерлер мұрагерлікке кезектілік бойынша шақырылды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы: Жоғары орындарына арналған акад. курс. 1-том. – Алматы: “Жеті жарғы”, 2001 ж.
2. Киреева Т.Т., Климикин С.И. Защита права собственности. – Алматы, 2000 г
3. Глущенко П.П., Седов А.М. Основы нотариальной деятельности. Учебное пособие. 2-е изд. – С-Петербург, 2000. Большая советская энциклопедия. – М., 1976. Т.24, кн.1. 556 с.
4. Новицкий И.Б. Римское право: учебник для вузов / МГУ им. М.В. Ломоносова, Юрид. ф-т. - М.: Юрайт, 2011.
5. Яхагоев Р.В. Историко-правовой анализ механизма защиты прав собственности в Римской империи // История государства и права.-2007.-№16.
6. Горбунов М.А. Система римского частного права I-III веков нашей эры / Рос. правов. акад. Минюста России. - М.: РПА Минюста России, 2010.

УДК 341.9

## **ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЛАЛАРЫН АСЫРАП АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ**

**Шуакбаев Адилет Санатович**  
[shuakbayev01@gmail.com](mailto:shuakbayev01@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті  
Халықаралық құқық мамандығы  
Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.** Мақалада ҚР балалары мен жасөспірімдерін шетел азаматтарымен асырап алу мәселелері айшықталады. Балаларды асырап алу реті, нақты цифрлар мен көрсеткіштер жауапты құзырлы органдармен сараланған.

**Түйін сөз.** конвенция, құқықтық институт, бала асырап алу институты, бала асырап алуға құзырлы органдар, халықаралық құқық, халықаралық жеке құқық.

Халқымыз «Әке - асқар тау, ана - бауырындағы бұлақ, бала жағасындағы - құрақ» дегендей, өмір ұрпақ жалғастығынан тұрады. Сондықтан балалардың құқықтарын қорғау - бұл басты міндет. Балалардың мүдделерін қамтамасыз етуді негізгі мақсаты деп атап көрсеткен «Балаларды қорғау және шетелдіктердің бала асырап алу қатынасындағы ынтымақтастық туралы» Конвенция мен Қазақстан Республикасының заңнамалары балаларды тумысынан белгілі құқықтарға ие, тәуелсіз тұлғалар ретінде таниды. 1998 жылы